

Әлеуметтік педагогтың 2022-2023 оқу жылында атқарған жылдық жұмысының есебі

2021-2022 оқу жылында кеткен кемшіліктерді ескере келе, **2022-2023** оқу жылына төмендегідей басымдық шықты:

Басымдық: Құндылықтарға негізделген білім беру жүйесінде оқушының құқықтары мен қызығушылықтарын, түрлі жағдайларда және мектепте баланың қорғанышы ретінде өзі немесе басқа да мамандарды қатыстыра отырып қорғау, балаға рухани демеу беру, тығырықтан шығаратын жол іздеу, сол жолды дұрыс тауып, дұрыс шешім қабылдау, балаға сенім ұялату, оның өмірінің жақсыға өзгеретіне сендіру.

SMART- МАҚСАТ қойдық:

Оқушыларды заман талабына сай тәрбиелей отырып, тұлғаның бойына жауапкершілікті, өз тіліне, өзіне сүйіспеншілігін қалыптастыру, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор көрсету сынды құндылықтарды бойларына сіңіру, оларға үлгі бола білу.

Міндеттері:

- оқушыларды еңбекқорлыққа жетелей отырып, бойында өзін-өзі тану, өз-өзіне баға беру, өзін-өзі тәрбиелеу, өздігінен даму, әлеуметтік жауапкершілік және әлеуметтену дағдыларын қалыптастыру;
- жалпы орта білім алу үшін мектеп жасындағы балаларға жағдай жасау;
- дәлелсіз себептермен сабақтарға ұзақ уақыт бойы қатыспаған мектеп жасындағы балаларды анықтау және есепке алу;
- олардың сабақтарға қатыспау себептерін анықтау;
- күнкөрісі төмен және тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға материалдық көмек көрсетуге бағытталған қайырымдылық қызметін жүзеге асыруға жұртшылықты тарту.

Жалпыға бірдей оқу қорынан бөлінетін көмек

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысын негізге ала отырып 2022 жылдың шілде-тамыз айында жалпыға міндетті оқу қорынан көмекке мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын

балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын есекере отырып, бүгінгі күні ШЖҚ МКК №55 орта мектебімізде:

Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражат жергілікті атқарушы органдардың бюджетінде көзделген жалпы білім беретін мектептерді ағымдағы ұстауға арналған шығыстар сомасының кемінде бір пайыз мөлшеріндегі аударымдар есебінен қалыптастырылады. Сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасыларына, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға көмек көрсетілді.

Жалпыға міндетті оқу қорынан қандай көмек беріледі

- 40 000 мың теңгелік ақшалай көмек киім-кешекке
- Ыстық тамақпен қамтамасыз ету

Төмендегі құжаттар тізімі жиналды.

1. Барлық балалардың туу куәліктерінің көшірмелері
2. Ата-анасының жеке куәлігі
3. Анасы немесе әкесі қайтыс болу куәлігі (қайтыс болу туралы кәулігінің көшірмесі)
4. Атаулы әлеуметтік көмек алу туралы анықтама (АСП), егер алмасаңыз онда келесі құжаттарды жинап әкелесіз.7,8,9,10,11
5. Халыққа қызмет көрсету орталығынан айналма парағы (оборотная ведомость)
6. Жұмыс орнынан табыс көзін көрсететін анықтама
7. Егер ажырасқан болсаңыз, алимент соммасын көрсететін анықтама, төленбесе соттың шешімі.
8. Ата-анасының біреуі қайтыс болған жағдайда, жәрдемақы мөлшерін көрсететін анықтама. (ГЦВП-дан)
9. Бейбітшілік 14 мекен-жайы бойынша не себепті АСП алмайсыз анықтама әкелу (Расписка об отказе адресной социальной помощи)

2022-2023 оқу жылының қыркүйек айы негізінен ұйымдастыру айы болғандықтан, сынып жетекшілеріне арнайы үлгідегі «Сыныптың әлеуметтік құжаты» таратылып, әр сыныптың «Мектептің әлеуметтік төлқұжаты» толтырылды.

Оқушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында жүргізілген жұмыстарға тоқталатын болсақ:

1. Мектептің әлеуметтік төлқұжаты

№55 орта мектебінің 2022-2023 оқу жылының «Мектептің әлеуметтік төлқұжаты»:

Жалпы оқушы саны 1-11	1217
Бастауышсыныптар 1-4	387

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқумен толық қамтуды қамтамасыз ету және көп балалы, аз қамтылған отбасылар балаларына материалдық көмек көрсету жұмыстарын белсендіру туралы тапсырмаларын жүзеге асыру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының 2022 жылғы Үкіметтің 25.01.08 ж. №64, 22-ші №255 қаулысына сәйкес . 02.12 ж, 13.04.15 ж. №198 №55 орта мектебінде бұйрық шығарылып, педагогикалық ұжым алдына нақты мақсаттар қойылды.

Қорытынды: Мектептегі әрбір сыныптың әлеуметтік картасы жасалып, нәтижесінде «Мектептің жалпы әлеуметтік төлқұжаты» жасалынды. Әрбір сынып бойынша көп балалы отбасыларының, аз қамтылған отбасылар, жетім балалар саны шықты.


Ұсыныс: Сынып жетекшілер жартыжылдық сайын уақытылы келген-кеткен оқушыларды енгізіп отырса.

2. Республикалық «Мектепке жол» акциясы

2022-2023 оқу жылының 1 жартыжылдық соңында мектепте -1217 оқушы оқиды. «Мектепке жол» акция аясында мектепшілік іс-шаралар жоспары құрылды. Мектептің бірінші қабатында акция туралы пайдалы ақпараттар орналастырылған қабырға газеттері түрінде ақпарат бұрышы жасалған.

№55 орта мектеп бойынша «Қамқорлық» акциясынан көмек алу үшін аз қамтылған 150 отбасынан өтініш келіп түсті, осы 150 отбасының құжаттары сәйкес келіп 150 бала 40 мыңдық көмекпен қамтамасыз етілді.

Бұл акция қазан айының соңында аяқталды. Нәтижесінде 6 000 000 теңге берілді.



Оқушылардың құжаттары тексеріліп, көп балалы отбасының балалары анықталып, әлеуметтік құжаттары толтырылды.

Тамыз айында көп балалы отбасынан шыққан балалар аз қамтылған отбасынан шыққан балалар, қамқорлыққа алынған балалардың құжаттары және әлеуметтік педагогтың құжаттар номенклатурасы қайта қаралып реттелді. Ата-аналарға құжаттардың жетпеген түрлерін қайта жинақтау үшін құжаттар тізімі берілді. Осыған орай мектепте жалпыға міндетті оқумен қамтудың кезекті қалалық айлығы мен «Мектепке жол» акциясына бұйрық шығарылып, сол бұйрық негізінде жоспар құрылып, бекітілді. Айлық кезінде жетім, әлеуметтік жағынан отбасы төмен балаларға мектеп тарапынан қамқорлық шарасы жүргізілуде. Акция кезеңінде мектепте мектеп оқушыларының бірлестігі ұйымдастырылған қор жұмыс істеуде, олар киімдер, оқу құралдарын жинап әлеуметтік жағдайы нашар жанұя оқушыларына таратылып беруде.

Қорытынды: Акция аясында мектептегі әлеуметтік көмекке мұқтаж барлық отбасылар қамтылды.

Ұсыныс:

- «Қамқорлық» аясында өтпей қалған табысы шектен төмен отбасыларға спонсорлық көмекті ұйымдастыру;
- Сынып жетекшілер: Мемешова Р.С., Карбаева А.С., Таттыбаева Г.Д.,
- Оқушылар: 7 «Ж» сынып - Аверьянов М, 5 «Д» сынып – Головлев Н, 6 «Д» сынып- Каирбек А келесі жылғы акцияға дер кезінде құжаттарын дайындап өткізуге ата-аналарға ұсыныс.



3. Спонсорлық көмектер

- Астана қаласының әкімдігі «Байқоңыр» ауданының әкімдігінен аз қамтылған отбасынан шыққан 40 оқушыға мектеп сөмкесімен кеңсе тауарларын берді. 200000 тг
- «Евразиялық » акционерлік қоғамдық банкі аз қамтылған 3 оқушыға мектеп сөмкесімен кеңсе тауарларын сыйға тартты. 15000 тг
- «Педагогикалық шеберлік орталығынан» аз қамтылған 4 оқушыға мектеп сөмкесімен кеңсе тауарларын сыйға тартты. 20000 тг
- Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі «Байқоңыр» ауданының әкімдігі атынан аз қамтылған отбасынан 10 оқушы «Алдар көсе» театрлық қойылымына, 10 оқушы «Челкунчик» қойылымы, 20 оқушы «Алау» мұз айдынына барды. 20000 тг
- 25 желтоқсан 2022 жылы өткен Президенттік Жаңа жыл шыршасына жетім баланы асыраушы отбасынан шыққан оқушылар 5 «в» сынып оқушысы Марченко Виолетта және 5 «ә» сынып оқушысы көп балалы және аз қамтылған отбасынан шыққан Джорабек Мейірлан жолдама алды. Осы шыршада жұмсақ ойыншық, 100 мыңдық сертификат, спорттық сөмке және тәтті сыйлықтарға ие болды. 200000 тг
- 26 желтоқсан 2022 жылы қала әкімі ұйымдастырған Жаңа жыл шыршасына 1 мүгедек баланы асырушы отбасынан шыққан оқушы 1 «в» сынып оқушысы Кусаинов Султан қатысып, 50 мыңдық сертификат, жұмсақ ойыншық, спорттық сөмке және тәтті сыйлықтарға ие болды. 50000 тг

- 19 желтоқсан 2022 жылы Байқоңыр аудандық әкімі ұйымдастырған Жаңа жыл шыршасына аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан 10 оқушыға тәтті сыйлықтар берілді. 10000 тг
- Сонымен қатар қалған отбасыларға мектеп әкімшілігі және ұстаздары спонсорлық етіп 41 кулек тәтті сыйлықтар сыйлады. 41000 тг

Жалпы сомма 6 млн 40 мың теңгеге көмек көрсетілді және спонсорлардан 556000 тенге көмек көрсетілді.

Қорытынды: Жалпы бірінші жартыжылдық соңында жалпы сомма 6 млн 40 мың теңгеге көмек көрсетілді және спонсорлардан 556000 тенге көмек көрсетілді. Әлеуметтік педагогтың осындай ұйымдастырған шаралары әрқашанда әлеуметтік аз қамтылған отбасындағы әр балаға шаттық сыйлатыны баршамызға белгілі. Осы арқылы біз оқушыларымызға әрқашан қоғамнан тыс қалмағанын, әрдайым қолдау көрсетілетіндігін, қиын жағдайда қасынан табылатындығын дәлелдейміз және де осындай жылылыққа бөленген оқушы да болашақта жақсылыққа ұмтылуға бейімделетінін көреміз.

Ұсыныс: Алдағы уақытта спонсорлық көмекті ауқымды түрде жинау;

Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы жайлы жұмыстарына мониторинг

Мақсаты: Балалар мен жасөспірімді дұрыс тамақтандыру олардың денсаулығын нығайтып, дене және ой қабілетінің дамуына мүмкіндік беру, еңбек ету мен сабақ үлгеру қабілетін арттыру.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 43 бап, 11 тармақшасының, 45 бап 3,4 тармақшаларының, 48-баптың және 2015 жылғы 31 желжартыжылдықдағы №717 «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларға тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілерді, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушысының бұйрығына сәйкес, Нұр-сұлтан қаласы Білім басқармасының 29.08.2021 жылғы № 513 хаты негізінде №173 бұйрық шығарылды.

Егер тамақтану дұрыс ұйымдастырылмаса, тиімсіз, яғни жеткіліксіз болса, организмде метаболизм, зат алмасу бұзылып, оның айналадағы ортаның зиянды әсеріне және әртүрлі жұқпалы ауруларға қарсы тұрарлық қабілеті төмендейді. Балалардың тамақтануының үлкендерге қарағанда, едәуір айырмасы болады. Үлкендерге тамақ организмдегі тіршілік процестерін қолдану үшін, әртүрлі жұмыстарға жұмсалған күш қуатты қалпына келтіру үшін қажет болса, өсіп

келе жатқан жас организмге тек өмірлік процестерді ғана қолдану үшін емес, сонымен бірге бүкіл организмнің өсу, даму, қалыптасу процесіне қажет.

Асханада 120 орындық бар, тоңазытқыш камералары, ыдыс- аяқтары жеткілікті. Асхананың іші жарық, таза, балалар отыратын столдары мен орындықтары ұйымдасқан және әзірленген жағдайда. Оқушылар асханаға арнайы жасалған график бойынша рет- ретімен сынып жетекші тапсырған сұраныс (талон) бойынша кіреді. Тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың тамақтануын сынып жетекшісі, үнемі асханада кезекшілік атқаратын мұғалім, әлеуметтік педагог және кезекші директорының орынбасары қадағалайды.

Асхана жұмысшылары 4 аптаға арнайы жасалған перспективті ас мәзірімен жұмыс атқарады. Ас мәзірін мектеп медбикесі қарастырып, мектеп директоры бекітеді. Асхана жұмысшылары жұмыс барысында оқушылар тарапынан жасалған ұсыныстар болса, оны дұрыс шешу жолдарын қарастырады. Асхананың персоналында 8 адам: 1 асхана меңгерушісі, 1 технолог, 1 аға аспазшы, 1 ас таратушы, 1 ыдыс жуатын адам, 1 нан пісіруші бар. Жыл бойы ай сайын қалалық Білім басқармасына тамақтану жөнінде айлық есептер беріліп отыр. Әр сынып бойынша әрбір күннің көрсеткішін айтып беруге болады қажет болса, бұл өте маңызды мәселе өзінің жеке шешуін табуына бүгіннен бастап жұмыс атқарылады. Сонымен қатар оқу жылына асхана жұмысшыларымен бастауыш сыныптарының сынып жетекшілерімен келісіп отырып арнайы жасалған рет-ретімен тамақтануға бару кестесі және асханада мұғалімдердің кезекшілік атқаруы ұйымдастырылған.

2022-2023 оқу жылында 1-4 сыныптар, 5-11 сынып оқушылары (жетім балалар, көп балалы, аз қамтылған отбасының балалары) құжаттарының дұрыстығына сәйкес күніне бір рет ақысыз тамақтануларын қадағалау әлеуметтік педагог А. Ахметова, М.Дүкенбаева жүргізуде. Бастауыш сынып оқушыларының уақытылы тамақтануын қадағалау бастауыш сынып әдістеме бірлестік жетекшісі М.Нурмагамбетова және бастауыш сынып жетекшілеріне тапсырылды. Тамақтың дұрыс дайындалуына және пісірілуіне жауапты мектеп медбикесі И. Бөлекбаева қағазы алынған. Асхана 5 күндік жұмыс кестесімен жұмыс жасайды.

Жалпы тегін тамақтанатын оқушылар: әлеуметтік жағдайларына байланысты 5-11 сынып 98 оқушы, жергілікті бюджеттен 1-4 сынып 387 бала, барлығы 491 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылған.

Ай сайынғы тексеру нәтижесінде асхана қызметкерлері тарапынан оқушылар тамақтануының ұйымдастырылуы толыққанды және уақытылы қамтамасыз ететіндігі анықталды.

Бастауыш сынып оқушыларының тамақтары ас мәзірі арқылы дайындалып пісіріледі. Тексеру барысында асхана бөлімі таза, жуу құралдары жеткілікті. Асхана және ас бөлімінің ыдыс-аяқ құралдары талапқа сай, жеткілікті. Асхана қызметкерлері талапқа сай киінген. Азық-түлік 1 аптаға алынады. Асхана мектеп уақытына сәйкес жұмыс істейді.

Медбике оқушылардың тамақтарының сапасы мен дәмін тексеру мақсатында сынама алады. Күнделікті ас мәзірі бойынша сәйкес қорытындыны бракераждық журналға жазып отырады. Тамақтану барысында тағам кемшіліктері болған жағдайда, сынып жетекшілер тарапынан ескертулер жасалынады. Бүгінгі күнге дейін ондай жағдай тіркелген емес. Тамақтың грамдық мөлшерін тексергенде, тамақтың мөлшері нормаға сай келетіндігі анықталды. Тамақтың ыстық күйде беріліп отырылды.

Қыркүйек айында мектеп асханасына бракераждық комиссия тарапынан айына 2 рет тексеру жұмыстары жүргізілді. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 29 желжартыжылдығына шыққан №179 «Білім беру нысандарындағы санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» туралы санитарлық ережелерді бекіту жайлы Заңының 8 тарауында берілген барлық нұсқаулықтарды ескере отырып, тексеру барысында комиссия тарапынан асханаға өрескел ескерту жасалған жоқ. Барлық нұсқаулық толығымен орындалған.

Егер денсаулықты қалыптастыратын факторлар: қозғалыс белсенділігі, жұмыс арқындылығы, ауруға қарсы тұру, дұрыс тыныс алу, жүрек бұлшық еттерінің жұмысы, зат алмасу, еңбек пен демалысты ұштастыру және рационалды тамақтану десек, соңғысы бірден бір маңызды орын алады.

2023 жылдың қаңтар, наурыз айларында асхана қызметкерлерінің дайындаған тағамдарының сапасын, көрсеткен қызметтерінің жағдайын, тамақтану ережесі мен мәдениетін және тазалық гигиенасын қаншалықты білетіндігін анықтау мақсатында білім алушылармен және ата-аналар арасынан «Ас – адамның арқауы» тақырыбында google платформасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға барлығы 356 білім алушы және 157-ға жуық ата-ана қатысты. Қойылған сұрақтар саны 10 болды.

Қорытынды:

1. Мектепте тамақтануды ұйымдастыру жүйесі сізді қанағаттандырама? - ия 91%, жоқ 9%
2. Мектепте ыстық тамақпен қамтамасыз ету тиімді деп санайсыз ба? - ия 98%, жоқ 2%
3. Сіздің асхана тазалығына көңіліңіз тола ма? - ия 92,2%, жоқ 5,8%
4. Тамақтану кестесін дұрыс деп есептейсізбе? - ия 84%, жоқ 16%
5. Күнделікті ас мәзірі сіздің көңіліңізден шығама? - ия 87,3%, жоқ 12,7%
6. Сіздің тамақтану сапасына көңіліңіз тола ма? - ия 71%, жалпы толады – 17%, жоқ 3%
9. Мектепте тамақ сапасын қадағалайтын комиссия құрылған ба? ия 79%, жоқ 4%, білмеймін 17%
10. Сізге мектеп асханасындағы қызмет көрсетуі және безендірілуі ұнайды ма? ия 91%, жоқ 9%

Сонымен қатар, ата-аналар арасында «**Асхана ата-аналар көзімен**» атты сауалнама жүргізілген қорытындысы төмендегідей:

№	Қойылған сауалнама сұрақтары	Жауап нұсқалары, %	
1	Сіз мектептегі тамақтандыру жүйесі жұмысы қанағаттандырама?	Иә-100 %	Жоқ-0%
2	Мектептегі ыстық тамақты ұйымдастыру тиімді деп ойлайсыз ба?	Иә-100 %	Жоқ-0%
3	Сіздің балаңызға мектептегі асханада тамақтанған ұнайды ма?	Иә-100 %	Жоқ-0%
4	Сізге әр уақытта мектеп асханасындағы ас мәзірімен танысуға мүмкіндігіңіз бола ма?	Иә-98%	Жоқ-2%
5	Мектеп асханасындағы тамақтандыруды жақсарту үшін ұсынысыңыз?	Ас мәзірінде неге 1 ауысым оқушыларына тек ботқа беріледі? 8 ата-ана Ас мәзірін қайдан қарауға болады? 2 ата-ана Ризашылық білдірген 95 % ата-ана болды.	

Сауалнама нәтижесі бойынша асхана тағамдары ұнамайды, мүлдем балам бармайды деген ата-ана тіркелмеді. Бұл мектеп асханасының жасап жатқан еңбектері деп түсінуге болады. Осы сауалнама арқылы түсінгеніміз ата-аналардың қойған сұрақтарына байланысты лездемеде сынып жетекшілері арқылы кейбір ата-аналардың қойған сауалдарына жауап беріліп, жазбаша жауап жіберілді.

Оқушылардың ыстық тамақты ұйымдастыруы бойынша бастауыш сынып пен жоғары сыныптардың тамақтану кестесі мен кезекшілік тағайындалды. Осы кесте бойынша оқушылардың толық тамақтануы қадғаланып, сабақта жоқ оқушылардың есебі жасалынды. Сонымен қатар асханада оқушылардың дұрыс, сапалы тамақтануын, тамақ өнімдерінің

шығысын тексеру мақсатында құрылған бракеражлік комиссия айына екі рет асхана бөлімінде тексеріс актісін жасап отырады.

Аз қамтылған отбасыларының құжаттарын жинап, өткізе отырып, жаңалау бойынша құжаттар жиналынып отырылды.



Мектеп асханасын Бракераждық комиссияның тексеру туралы анықтамасы

2022-2023 оқу жылнда әр ай сайын бракераждық комиссия өздерінің мектеп асханасына тексерісін жүргізіп отырды.

Тексеріс барысында берілген ыстық тамақ тиісті салмағына сай болды, шырындылығы, дәмділігі жақсы деп бағаланды. Мектеп асханасы іші таза, барлық санитарлық талапқа сай. Оқушыларға беріліп жатқан ыдыстар бүтін. Сатылымдағы буфеттік тағамдар бағасы, жалпы берілген граммына байланысты өз бағасымен сәйкес. Асхана қызметкерлерінің санитарлық кітапшалары түгел. Жалпы бракераждық комиссия тексеріс нәтижесін жақсы деп бағалады.

Ұсыныс:

1. Мектеп асханасындағы азық-түлік қорын мерзімге сай екендігін бақылау жасау. Бракераждық комиссия жұмысын жыл бойына жалғастыру.
2. Бастауыш сынып оқушыларына асханадағы жүру тәртібі бойынша әңгіме-кеңестер өткізу.
3. Түзету сынып және тегін тамақтанатын бастауыш сынып оқушыларының күніне бір реттегін ыстық тамақпен қамтылуын қадағалау әлеуметтік педагогі А. Ахметова, М. Дүкенбаеваға жүктелсін.

Қамқоршылық кеңес отырысы.

Мақсаты: Қазақстан Республикасы Президенті атынан және қала әкімі атынан шыршаға оқушыларды ұсыну, қамқоршылық кеңесінің 2022-2023 оқу жылында оқушылардың құжаттары тексеріліп, көп балалы, аз қамтылған, отбасында мүгедек-бала тәрбиелеп отырған отбасының балаларын анықтау.

Қамқоршылық кеңестің төрайымы Жунусова Жанаргуль Досановна осы мерекенің өзектілігіне тоқталды. Жаңа жыл мерекесінде оқушыларға қуаныш сыйлайтындай өткізу керектігін айтты. Аз қамтылған отбасы балаларын жаңа жылдық сыйлықтар тарату керектігін айтты. Президенттік шыршаға 2 оқушы және қала әкімінің шыршасына 1 оқушы қатысатынын айта келіп, ұсынылған тізімдегі оқушылардың арасынан үміткерлерді іріктеуді ұсынды.

Сондай-ақ, әлеуметтік педагог Дүкенбаева М.Е биылғы оқу жылында Президенттік және қала әкімінің шыршасына қатысуда жас ерекшелігінде шектеулер бар. Мәселен, президенттік шыршаға 9-13 жас аралығында және қала әкімінің шыршасына 7-13 жас аралығындағы оқушыларды жібере аламыз. Сондықтан, үміткерлерді таңдау барысында осыған назар аударуды сұраймын деп сөз сөйледі. Қамқоршылық кеңес мүшесі Абдумаликова Жазира Курмантаевна жалпы балалар үшін жаңа жыл мерекесі ерекше мереке болғандықтан, балалар жылына бір келетін мерекені асыға күтетіндіктен Президент шыршасына ата-анасының қамқорлығынан айырылған (жетім) Марченко Виолетта Михайловна, көп балалы, аз қамтылған отбасынан шыққан Джорабек Мейірлан Русланұлын, қала әкімінің шыршасына мүгедектігі бар 1 «В» сынып оқушысы Кусаинов Султан ұсынды. Сондай-ақ қамқоршылық кеңес мүшесі Жунусова Фарида Умитжановна ата-анасынан айырылған оқушының президент шыршасына баруы өте құптарлықтай жағдай екеніне тоқтиалып, өз тарапынан қала әкімінің шыршасына мүгедек-бала Кусаинов Султан ұсынады.

Жалпы мектептен 10 оқушы ұсынылды. Оның ішінен 3 оқушы әлеуметтік жағдайына (жетім, көп балалы, толық емес отбасынан шыққан балалар) байланысты қамқоршылық кеңес шешімі бойынша іріктеп алынды. Таңдалған оқушылар бұрын президент және қала әкімінің шыршасына қатыспаған.

Сонымен 25 желтоқсан 2022 жылы өткен Президенттік Жаңа жыл шыршасына жетім баланы асыраушы отбасынан шыққан оқушылар 5 «в» сынып оқушысы Марченко Виолетта және 5 «ә» сынып оқушысы көп балалы және аз қамтылған отбасынан шыққан Джорабек Мейірлан жолдама алды. Осы шыршада жұмсақ ойыншық, 100 мыңдық сертификат, спорттық сөмке және тәтті сыйлықтарға ие болды.

26 желтоқсан 2022 жылы қала әкімі ұйымдастырған Жаңа жыл шыршасына 1 мүгедек баланы асырушы отбасынан шыққан оқушы 1 «в» сынып оқушысы Кусаинов Султан қатысып, 50 мыңдық сертификат, жұмсақ ойыншық, спорттық сөмке және тәтті сыйлықтарға ие болды.

19 желжартыжылдық 2022 жылы Байқоңыр аудандық әкімі ұйымдастырған Жаңа жыл шыршасына аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан 10 оқушыға тәтті сыйлықтар берілді.

Сонымен қатар қалған отбасыларға мектеп әкімшілігі және ұстаздары спонсорлық етіп 30 кулек тәтті сыйлықтар сыйлады.

Ұсыныс:

- «Қамқоршылық кеңестің» шешімі арқылы берілген оқушылардың әлеуметтік жағдайын толық қарастырып, қайта қарау

Қорытынды.

Мектептегі әрбір сыныптың әлеуметтік картасы жасалып, нәтижесінде «Мектептің жалпы әлеуметтік төлқұжаты» жасалынды. Әрбір сынып бойынша көп балалы отбасыларының, аз қамтылған отбасылар, жетім балалар саны шықты. Акция аясында мектептегі әлеуметтік көмекке мұқтаж барлық отбасылар қамтылды. Жалпы жылдың соңында жалпы сомма 6 млн 40 мың теңгеге көмек көрсетілді және спонсорлардан 556000 теңге көмек көрсетілді. Мектебіміздегі өгей ата-анамен тұратын оқушылардың әлеуметтік жағдайын, өгей ата-анамен қарым-қатынасын тексеру әр тоқсан сайын жүргізіліп, тұрмыс жағдайын тексеру актісі толтырылады. Оқушылардың әлеуметтік жағдайы жақсы. Келеңсіз отбасылар жоқ.

Әлеуметтік педагогтың осындай ұйымдастырған шаралары әрқашанда әлеуметтік аз қамтылған отбасындағы әр балаға шаттық сыйлатыны баршамызға белгілі. Осы арқылы біз оқушыларымызға әрқашан қоғамнан тыс қалмағанын, әрдайым қолдау көрсетілетіндігін, қиын жағдайда қасынан табылатындығын дәлелдейміз және де осындай жылылыққа бөленген оқушы да болашақта жақсылыққа ұмтылуға бейімделетінін көреміз.

ҰСЫНЫС:

- «Қамқорлық» аясында өтпей қалған табысы шектен төмен отбасыларға спонсорлық көмекті ұйымдастыру;
- Мектеп асханасындағы азық-түлік қорын мерзімге сай екендігін бақылау жасау. Бракераждық комиссия жұмысын жыл бойына жалғастыру.
 - Бастауыш сынып оқушыларына асханадағы жүру тәртібі бойынша әңгіме-кеңестер өткізу.
 - Алдағы уақытта спонсорлық көмекті ауқымды түрде жинау;
 - Құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторымен кездесу;
 - Мектеп заңгерлердің кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларымен тығыз қарым-қатынас орнатып, онлайн, оффлайн түрде дөңгелек үстел ұйымдастыру;



SWOT-ТАЛДАУ

S мықты

1. Жетім және азқамтылан отбасынан шыққан оқушылардың барлық жағынан көмекпен қамтылуы.
2. Демеушілік көмекпен құжатсыз отырған оқушылардың қамтылуы.
3. Бастауыш сынып және жетім, азқамтылған отбасынан шыққан оқушылардың күніне бір рет тегін ыстық тамақпен қамтылуы.
4. Қалалық есепке мектебімізден оқушының тіркелмеуі.
5. Әрбір сыныпқа байланысты оқушылардың әлеуметтік жағдайын біліп отыру.

W әлсіз

1. Көптеген жағдайы жоқ отбасылардың әлі де құжаттарының дұрыс еместігіне байланысты тиісті көмекпен қамтылмаулары.
2. Демеушілер санының аз болуы.
2. Кейбір сыныптардың Сынып жарғысын түсінседе, дұрыс орындамаулары.

O мүмкіндіктері

1. Оқушылар арасында апта сайын тақырыптық конвейр тастау.
2. Үнемі түсіндірме жұмыстарын өткізу.
3. ПД, прокуратура өкілдерімен кездесулер жасау.

T қауіп

1. Кейбір сынып жетекшілердің сыныптарындағы отбасы жағдайын толық мәлімет білмеуі
2. Есепке алынған оқушының ертеңгі күні қателігінің алдынан шығып, өкінетіндігі.
3. Көп балалы отбасылардың біздің ауданнан алыс тұруы.